

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Табиғат - денсаулық мекені

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.09.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/16850/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Нұрғалиева Бақыт Қазыбайқызы

## Т/с тақырыбы: «Табиғат - денсаулық мекені»

**Мақсаты:** Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзі екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Таза ауаны ластамауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Елбасы Н.Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасынан үзінді, даналық сөздер, мақал-мәтелдер, суреттер

## Барысы: I. Шаттық шеңбері

## II. Психологиялық тренинг «Орманға саяхат»

Қуанышты көңілмен көзімізді ашып, қандай сезімде болғанымызды айтайық.  
(Оқушылардың пікірі)

## III. Кіріспе

Адам және табиғат әрқашан да егіз. Табиғат - біздің асыраушымыз, қорғаушымыз десек те болады. Күнделікті ішіп жүрген тамағымыз, үстіміздегі киіміміз оқитын кітабымыз жазатын қағазымыз, мінер көлігіміз, ауырғанда пайдаланылатын дәріміз, тыныс алар ауамыз, ішер суымыз - осының бәрі табиғаттың тартқан сыйы.

Сондықтан Елбасы Н.Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында **“Қазақстан ауасы таза, суы-мөлдір, жасыл желекке айналуы тиіс” деген. Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, алдағы уақытта табиғатқа деген сүйіспеншілік, табиғат байлығын қорғап молайту - басты мақсатымыз. Осы Елбасымыздың айтқанын қалай түсінесіңдер?** (Еліміздің табиғатын көркейту, түрлі ағаштарды, гүлдерді егіп көгалдандыру керек. Сонда ауамыз таза, суымыз мөлдір болады.)

#### IV. «Өсімдіктер сыр шертеді» кезеңі

Олай болса, — Біздің ауылымыздың табиғаты қандай?

- Ауылымызда қандай өсімдіктер бар?

Ауылымыздың ауасы таза болсын десек, келесі тапсырмаларды орындай отырып, елімізді жасыл желекке айналдырайық.

#### Ағаш отырғызу. /коллаж жасау/

1. Қағаз қандай өсімдіктерден алынады? (**шырша, көктерек**)
2. Қан тоқтатуға, шаштың ұзарып өсуіне әсер ететін, құрамында дәрумені көп

өсімдік. (**қалақай**)

3. Көктемде ақ гүлге оранды, күзде қолға доп болып оралды? (**алма**)
4. Қандай өсімдіктердің жемісі бетті ағартады және ажарландырады. (**бүлдірген**)

Үйге берілген тапсырмада өз жерімізде өсетін дәрілік өсімдіктердің кейпіне еніп, мағлұмат жинап келу. Дайындаған мағлұматты айтып берген бала гүл отырғызады.

#### Гүл отырғызу:

1. (**Жолжелкен**) Мен – жолжелкенмін, көпжылдық өсімдікпін. Жол жиегінде өсемін. Емдік мақсатқа жапырағымды, тамырымды қолданады. Мені жараға жапсырып қойсаң, тез жазылады. Шырынымнан жөтелді басатын дәрі де дайындайды.
2. (**Шырғанақ**) Мен – шырғанақпын. Менен күйікке және жараға жағатын май алады.
3. (**Таңқурай**) Мен – таңқураймын, адамға өте пайдалымын. Мен жаңа піскен кезде менен тосап дайындап, оны суық тигенде шайға салып ішу керек.
4. (**Жұпаргүл**) Мен – жұпаргүлмін, мен де адамға өте пайдалымын. Мен ас қорытуды жақсартамын, суық тигенде көмектесемін. Менің атымның өзі жұпар иісі туралы айтып тұр. Мені шайға қоссаң, ерекше дәм және хош иіс беремін.
5. (**Итмұрын**) Мен – итмұрынмын. Мен дәруменге бай жеміспін. Менен қайнатпа және шырындар жасайды.
6. **Ойын: «Қалт етпей қағып ал, жауабын тауып ал!»**

(доп лақтыру арқылы сөздер ойлау)

«Денсаулық» сөзімен басталады, соңғы әрпіне жаңа сөз ойлап айту.

Деніміз сау болсын десеңдер, дәрумендері бар қандай жемістерді білесіңдер?

#### **VI. «Ойланайық, пікірлесейік!»**

- Табиғатты неге денсаулық мекені дейміз?
- Өз денсаулықтарыңды қалай күтесіңдер?
- Қандай спорттың түрлерімен шұғылданасыңдар?
- Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіңдер?

#### **VII. Дәрігердің кеңесі**

#### **VIII. Сурет бойынша әңгімелеу**

- Денсаулығымыз мықты болу үшін табиғатымыз қандай болу керек?

Жер бетінде ала шұбар дақтар көп. Соның бәрі де адам қолымен салынған таңбалар. Сулы-нулы көкорай жер шарын талай ғасыр мекен етіп келген адамдар өзен, көлді суалтып, қу тақырға айналдырып, жасыл шалғынды орман тоғайды күйдіріп өртеуде, тау мен даланы тескілеп, шаңын аспанға шығаруда.

#### **IX. Берілген сурет бойынша тыйым сөздер құрастырып, себебін дәлелде.**

#### **X. Ой толғаныс /топпен жұмыс/**

- 1-топ: Денсаулықтың достарын топтастыру (*спорт, дұрыс тамақтану, тазалық, шынығу, демалу, дұрыс ұйқы, көңілді жүру*)
- 2-топ: Денсаулықтың дұшпанын топтастыру (*дұрыс тамақтанбау, зиянды әдеттер, салақтық, ашушаңдық, жалқаулық, күн тәртібін сақтамау*)

#### **XI. Эссе жазу**

- Ауылымыздың табиғаты туралы не айтар едіңдер?

(Айналамызды қоршап, жайқалып өсіп тұрған ағаштар. Ауылымыздың көптеген орман-тоғайлары мен көлі бар. Ауылымыздың табиғаты көрікті)

- Ауылымыздың атап өтетін тағы қандай байлығы бар?  
(ауыл табиғаты туралы эссе жазу)

#### **XII. Жүректен жүрекке**

Жылы лебіздерін білдіру (денсаулық, табиғат туралы)

### XIII. Рефлексия

Білемін	Білдім	Білгім келеді

### XIV. Қорытынды

Қорыта келгенде, адам өмірі табиғатпен тығыз байланысты. Адам табиғатты аялап, туған жерге сүйіспеншілікпен қарауы тиіс. Адам табиғат сұлулығынан, әдемілігінен, әсемдігінен бойына қуат, көңіліне шуақ алады.

Табиғат байлықтарын қорғай білу – азаматтық борыш. Оны аялап, сүйе білейік. Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды. Ластанған табиғаттан денсаулығымыз нашарлайды. Сондықтан, «Табиғат – денсаулық мекені» деп бекер айтылмаған.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.